

**X. Ертай, 2-курс**

**Фылыми жетекшісі: Н. Э. Мыңжанов, ӘЖ және ӘСП кафедрасының профессоры**

**(Қазтұтынуодазы Қарағанды экономикалық университеті)**

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

Қазіргі нарықтық заманда әр мемлекеттің дамуындағы үстанатын тірегі ол — халықтың тұрмысы, әл-ауқаты болып табылады. Сондыктан Қазақстан халқын қорғау жүйесін қарастырған дұрыс болып табылады. Тақырыптың өзектілігі де осында түйікталады. Қазақстан Республикасы Конституциясы 28-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы жасы келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетакының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Мемлекет басшысының әлеуметтік саладағы салиқалы саясатының басты мақсаты да халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін тұрақты түрде арттырып отыруға негізделген. Осыған орай халықты әлеуметтік қорғау және оны мемлекет тарапынан қолдан отыру еліміздің ішкі саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қалыптасып отыр.

Әлеуметтік саланың даму кезеңдеріне назар аударатын болсақ, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауыр жағдайдың қалыптасқаны рас. Мәселен, 1990 ылмен салыстырганда 1995 жылы жалпы ішкі өнім көлемі — 38,6 пайызға, халықтың нақты еңбекақысының көлемі — 69,9 пайызға, зейнетакы көлемі 77,3 пайызға төмендеп кеткен еді. 1991-2001 жылдар аралығында Қазақстаннан 2,5 миллионға жуық адам көшіл кетті. Елден сыртқа кеткен халықтың басым бөлігін еңбек жасындағы адамдар құрады. Бұл еңбек рыногының жағдайына кері эсер етті. Еңбекке қабілеттілер азайып, жасы еңбек жасынан асқан немесе еңбекке жарамсыз адамдар саны көбейе түсті.

Елбасымыздың «алдымен — экономика, содан кейін — саясат» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жұмыс істеуінің нәтижесінде еліміздің экономикасы жедел карынмен есті. Бұл өз кезегінде әлеуметтік саланың онтайлануына айтарлықтай ықпал етті. Экономикамыз қалыпты өсе бастаған соңғы 11 жылдың ішінде төменгі зейнетакы мөлшері 3500 теңгеден 24 047 теңгеге дейін өсіп, 7 есе; орташа зейнетакы көлемі 4462 теңгеден 36 205 теңгеге дейін жетіп, 8 есе; ал жоғары деңгейдегі зейнетакы көлемі 8156 теңгеден 52 226 теңгеге дейін өсіп, 6,4 есе артты. Осы мерзімде халықтың жанбасына шаққандағы табысы да бірнеше есе өсіп, халықтың әлсіз топтарын қолдайтын түрлі әлеуметтік төлемдер іске қосылды. Нәтижесінде бүгінгі күні Қазақстан Орталық Азиядаған емес, ТМД елдері арасында да халықтың әлеуметтік жағдайы түрғысынан көш басындағы мемлекеттердің қатарында келеді. Бүтінгі таңда экономикамыз дамыш, мемлекеттің күш-куаты артуына байланысты Елбасы Үкіметтің алдына халықты еңбекпен қамтудың жаңа стратегиялық бағдарламасын жасауды тапсырды. Осының негізінде «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы әзірленді. Оның

негізгі мақсаты тұрақты және өнімді жұмыспен қамтылуды үйымдастыру арқылы халықтың табысын арттыру болып табылады. Бағдарламаның тағы бір үлкен мәні — еліміздегі кедейлік деңгейін төмендету. Қазіргі уақытта оған қолжеткізудің тиімді өлшемдері әзірленеді. Мәселен, қазіргі кедейлік деңгейін емесе ел халықның ішіндегі кедей адамдардың үлес салмағы 8,2 пайызды құрайтын болса, 2016 жылға қарай оны 6 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр. Сондай-ақ осы аралықта еліміздегі жұмыссыздық деңгейі – 5,5 пайызға дейін, өзін-өзі жұмыспен қамтыш отырган халықтың үлес салмағы қазіргі 33,3 пайыздан 26 пайызға дейін төмендейтін болады. Бағдарлама аясында еңбек өнімділігін 20 пайызға арттыруға қол жеткізіледі. Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі төрт есеге азайды. Халық деңсаулығының негізгі көрсеткіштері жақсарды. Күтілеттің өмір ұзақтығы 65-тен 68 жасқа дейін ұлғайды. Ана өлімі екі есеге азайды, бала туу бір жарым есеге өсті. Қазақстан қазірдің өзінде-ақ халықты әлеуметтік қамтамасыз ету мәселесінде халықаралық деңгейде мойындалған жетекші елдердің біріне айналды.

Қазақстандағы халықты қорғау жүйесінде кемшіліктер де бар. Атап айтсақ халықты сақтандырудың екі түрі бар. Оның бірі — ерікті, екіншісі — міндетті болып табылады. Ерікті сақтандыруға: мұлікті сақтандыру, адам өмірін, компанияларды және т.б. Міндетті сақтандыруға: зейнетакы төлемі, мүгедектікке байланысты төлем т.б. Осылардың ішінде зейнетакы төлемдері жөнінде талдау жасап көрсек орынды болар.

ҚР-да зейнетке шығу жасы ерлерге-63 жас, ал әйел адамға — 58 жас. Қазақстанда орташа өмір сүру жасы — 68 жас. Кей маман иелері жұмысының ауырлығына байланысты 68 жасқа жетпеуі мүмкін. Соның салдарынан адамдар зейнетакы жасына жетпей қалады деген қауіп бар. Мәселен шахта қызметкерлері 58 және 63 жасқа дейін ауыр жұмыс жасай алмайды.

Сондай-ақ төмендегі мамандар осылардың қатарына цирк қызметкерлері, кеншілер, футболшылар т. б. жатқызылады:

- цирк қызметкерлері;
- кеншілер;
- футболшылар.

Осы зейнетакы жүйесін қайта қарастырып өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет. Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау алдыңғы орында бірінші мәселеге тіркеп әр кезде дамытыш отыру керек.

ҚР-да туындаған сауалдарға жауаптар.

- Азаматтардың қай санатарына бүгінде жеңілдікті зейнетакы көзделген?
- 1998 жылғы қантардың 1-інен бері зейнетакы жүйесін реформалауға және зейнетакылық қамтамасыз ету жинақтау ұстанымдарына көшкеннен бері барлық жеңілдікті зейнетакылар алышып тасталды, бұл орайда төтенше және радиациялық тәуекелдер аймақтарында тұратын тұрғындардың ғана жеңілдіктері сақталып қалды<sup>1</sup>.

1949 жылғы тамызынан 29-ынан бастап, 1963 жылғы шілденің 5-іне дейін төтенше және радиациялық сәуле алу тәуекелі аймағында тұрған адамдарға: — ерлерге жалпы еңбек өтілі 25 жыл больш, 50 жасқа толғанда, әйелдер — жалпы еңбек өтілі кемінде 20 жыл больш, 45 жасқа жеткенде зейнетакы тағайындалады. Азаматтардың қалған санаттары үшін зейнеткерлікке шығу: ерлерге — 63, әйелдерге 58 жас больш белгіленгенін жоғарыда айттық. Қазіргі кезде Парламентте жұмыс тобы «Ардагерлер туралы» Заң жобасын жасау жұмысын жалғастыруда, онда ардагерлердің мәртебесі мен санаттары белгіленбек, оларға әлеуметтік кепілдіктердің үйымдық, экономикалық және құқықтық негіздері қарастырылмақ. Бұл ретте ядролық қаруларды сынауға қатысқан, радиациялық апаттарды, басқа да апаттарды жоюға қатысушылар мен мүгедектер белек санаттар ретінде көрсетіледі<sup>2</sup>.

Қорыта келгенде Қазақстандағы халықты қорғау жүйесі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы халықты әлеуметтік қорғау тенденциясы оң нәтижелерге жеткенін көрдік. Алайда болашақта атқаратын шаралар жеткілікті. Сол жасалмаган жұмысты іске асыратын да бұл — жас мамандар. Елбасы айтқандай елдің болашағы жастардың қонында. Сондықтан да халықты әлеуметтік қорғау саласындағы кадрлар бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған отансұйғаш болуы қажет. Осындай белестерді атқара отыра біз дамыған 50 мемлекеттің қатарына енеміз.

<sup>1</sup> Халықты әлеуметтік қорғау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. <http://alashainasy.kz>

<sup>2</sup> Қазақстанда халықты әлеуметтік колдаудың кешенді жүйесі дамып келеді. <http://inform.kz/kaz/article>